

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігі

К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық
мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты

«Үрмелі және ұрмалы аспаптар»
және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімі

Бекітемін



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

Құләш Байсейітова атындағы

дарынды балаларға арналған

РММОМИ директоры

Б.Т. Абдрашев

«01» қыркүйек 2025 ж.

«Үрмелі және ұрмалы аспаптарда ойнау әдістемесі»
және «Педагогикалық практика» пәндері бойынша
II мектепішілік олимпиадасын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ

15 ақпан 2026 ж.

Алматы қаласы

Осы Ереже олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оның ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз етілуін, қатысушылардың қатысу тәртібін, сондай-ақ жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

Ұйымдастырушы: Олимпиада «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» РММ-ның «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімінің ұйымдастырған іс-шаралар аясында өткізіледі.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- Оқушылардың әдістемелік дайындығының деңгейін арттыру;
- Оқыту әдістемесі саласындағы білімін және педагогикалық дағдыларын бағалау;
- Үрмелі және ұрмалы аспаптарды оқытуда талдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқушылардың әрі қарай дамуға деген ынтасын арттыру.

Қатысушылар:

12-сынып оқушылары, «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» мамандығы.

Олимпиаданың форматы

Олимпиада екі турдан тұрады:

1. **Теориялық тур** (жазбаша тест және әдістемелік материалдарды талдау)
2. **Практикалық тур** (оқушымен сабақ фрагментін өткізу)

Ұйымдастыру және өткізу кезеңдері

1-кезең. Дайындық

- Тапсырмалар мен бағалау критерийлерін әзірлеу;
- Қазылар алқасының құрамын анықтау;
- Жұмыс тобын құру, қатысушыларды ақпараттандыру, тіркеу.

2-кезең. Олимпиаданы өткізу

Теориялық тур (60 минут)

- Оқыту әдістемесінің негізгі қағидалары бойынша тест (20 сұрақ);
- Берілген тақырып бойынша мини-сабақ (жоспар-конспект) әзірлеу.

Практикалық тур (әр қатысушыға 10–15 минут)

- Оқушымен немесе сыныптастардың бірі «оқушы» рөлінде сабақ фрагментін жүргізу;
- Педагогикалық тәсілдерді, түсіндіру сапасын, оқушымен өзара әрекеттесуді бағалау.

Қатысушыларға қойылатын талаптар

Олимпиадаға қатысушыларға ұйымдастыру комитеті ұсынған материалдардан басқа ешқандай материалды пайдалануға рұқсат етілмейді. Ұялы телефондар, басқа электрондық құрылғылар мен байланыс құралдарын қолдануға тыйым салынады.

Бұл ережені бұзған жағдайда қатысушы олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады және «0 балл» қойылады.

Олимпиаданы өткізу тәртібі

Өткізу уақыты: 2026 жылғы 15 ақпан.

Өтінішке қоса беріледі:

- Қатысушылар туралы мәліметтер;
- Қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері.

Өткізу орны:

РММ «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка мектеп-интернаты»,
Алматы қ., И.Байзақов көшесі, 304.

Олимпиада қатысушыларын марапаттау:

1. Қатысушылар жинаған балдарына қарай реттеледі. Ең көп балл жинағандар жеңімпаз деп танылады.
2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Олимпиаданы қаржыландыру:

Олимпиада тегін өткізіледі.

Олимпиада қазылар алқасы:

Қазылар алқасының құрамына бөлімнің жетекші педагогтері мен магистрлері кіреді.

Олимпиада ұйымдастырушысы:

РММ «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка мектеп-интернаты»
«Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімдері.

Жауапты хатшы:

Мустафина Салтанат Бибетовна
+7 777 529 0159

**«Үрмелі аспаптарда ойнау әдістемесі» пәні бойынша Олимпиадаға
қатысуға өтінім**

2026 жылғы 15 ақпан

№ р/р	Қатысушы аты жөні (толық)	ЖСТН	Туылу датасы	Сыныбы	Педагогы